

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

**БӨРЛІ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӨНЕ ЖЕР  
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ**

« 6 » қаңтар 2021 ж.

« 15 » қаңтар 2021 ж.

№ 274-1926-03-КЕ АБ-МК

« 24 » желтоқсан 2020 ж.

201 240 027 409

БСН



«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім  
басқармасының Бөрлі ауданы білім беру  
бөлімінің «Ақсай қаласының  
№10 «Алтын бесік» бөбекжайы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

## Жарғысы

Ақсай қаласы

## 1-Тарау. Жалпы ережелер

1.1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға мәртебесіне жедел басқару құқығына ие мекеме болып табылады.

1.2. Кәсіпорын Бөрлі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы "11" желтоқсандағы №787 қаулысы негізінде құрылды. (меншік иесі шешімінің атауы)

1.3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі (бұдан әрі – құрылтайшы) болып табылады.

1.4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік (республикалық, коммуналдық) меншік құқығын Батыс Қазақстан облысы Білім Басқармасы (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

1.5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Батыс Қазақстан облысы Білім Басқармасы мемлекеттік мекемесі, (бұдан әрі – мемлекеттік басқару органы) болып табылады.

1.6. Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының актілері, осы Жарғы және ішкі ережелер.

1.7. Кәсіпорынның атауы:

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

1.8. Кәсіпорынның орналасқан жері Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Ақсай қаласы Мустахим Иксанов көшесі 4А ғимарат.

## 2-Тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

2.1. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

2.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

2.4. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### **3-Тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

3.1. Кәсіпорын қызметінің мәні бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылдауға дейінгі үздіксіз мектепке дейінгі білім беруді қамтамасыз ететін білім беру мекемесінің оңтайлы моделін әзірлеу және енгізу болып табылады, оның мақсаты әр тәрбиеленушінің өзіндік жеке тұлға ретінде, оқыту субъектісі ретінде дамуына ықпал ету болып табылады.

3.2. Кәсіпорын қызметінің мақсаты білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асыру болып тобылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттері:

- 1) тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;
- 4) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 5) азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған табиғатты, туған жерді, отбасын сүйуге тәрбиелеу;
- 6) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға түзете-дамыту жұмыстары үшін жағдай жасау;
- 7) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;
- 8) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

### **4-Тарау. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі**

4.1. Өз мақсаттарына жету үшін кәсіпорын келесі қызметтерді жүзеге асырады: мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту. Барлық қызметтер түрлері Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнамасында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін жүзеге асырылады;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері:

- 1) тәрбиеленушілердің жас құрамы бойынша - бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған бөбекжай;

2) тағайындау бойынша - аралас типті (жалпы дамытушылық және түзету сипатындағы функцияларды біріктіру);

3) жұмыс режимі бойынша, күндізгі, аптасына бес жұмыс күні бар, жұмыс кестесі 07:00-ден – 19:00-ге дейін.

4.2. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі топ болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады. 12 сағат жұмыс жасайтын мектепке дейінгі білім беру ұйымында, қажет болған жағдайда, кезекші топ құрылуы мүмкін болады. Кезекші топта жұмыс жасағандығы үшін еңбек ақы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. Тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінде жүргізіледі;

уақытша немесе тұрақты орынға балаларды қабылдау бос орын болған жағдайда жыл бойына қабылданады.

4.4. Мектепке дейінгі ұйымдар:

1) өз жарғысында белгіленген функциялардың орындалуын;

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Үлгілік бағдарламасының толық көлемде іске асырылуын;

3) білім беру процесті ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйым педагог қызметкерлеріне мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты сақталған жағдайда балама авторлық бағдарламаларды қолдану, жаңа технологияларын енгізу тәрбиелеу мен оқытуда немесе сауықтыру міндетін жүзеге асыруда қолдану құқығын береді;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес мектепке дайындық деңгейін анықтау үшін балалардың біліміне бақылау жүргізіледі;

5) мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілерді ағымдық медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруды;

6) Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Келісім шартта баланың білім беру мекемесіне келу тәртібі, ондағы тамақтану реттілігі, сауықтыру мен білім беру қызметін көрсету мерзімі мен деңгейі, тамақтануға төленетін қаражат көлемі, қосымша ақылы қызметтер мен басқа да шарттар анықталады;

7) мектепке дейінгі ұйым басшысы бекітетін он күндік ас мәзірін құрастыруды;

8) тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс тәртібін, оның жиілігін ескеріп, Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Жарғыға сәйкес айқындалады;

9) тәрбиеленушілерде соның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және балғын өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыруды;

10) заңнамада белгіленген мерзімде және тәртіпте білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді;

11) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара әрекеттесудің регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

12) Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

Педагогтердің штат бірлігі және тарифтеу мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады.

13) Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам жіберіледі.

14) Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері кәсіби қызметті жүзеге асыруда МЖМБС-ның талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың жолдары мен түрлерін дербес таңдайды.

15) Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары "Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

16) Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі ұйым басшысы белгілеген тәртіппен жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, санитарлық талапқа сәйкес тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

17) Отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-

аналары үшін мектепке дейінгі ұйымдарда консультациялық пункттер құрылады.

18) Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық, педагогикалық әдеп бойынша кеңестер болып табылады.

19) Мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

20) Білім беру процесінің қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогтер болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесі МЖМБС негізінде әзірленген Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады.

21) Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

#### 4.5. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орны:

1) тәрбиеленуші ауырып, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 2 айдан артық емес демалысына жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар) енгізілген кезеңде сақталады.

#### 4.6. Тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымдардан:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

#### 4.7. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері:

1) кәсіпорындар ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды; жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша

тәрбиеленушілерді тамақтандыруға кететін шығындар жергілікті бюджеттен ішінара немесе толығымен өтеледі;

2) ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілерге арналған санаторийлік балабақшаларда, мектепке дейінгі ұйымдардағы арнайы топтардағы тәрбиеленушілерді күтіп-бағу тегін негізде ұсынылады;

4.8. Кәсіпорын басшысы және педагогтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

4.9. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ келісімдер жасауға құқығы жоқ.

4.10. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының Жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі құрылтайшының немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 5-Тарау. Кәсіпорынды басқару

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ кәсіпорынның құрылтайшысы үшін көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.1. "Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, сондай-ақ кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының субъектісі үшін көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.2. Ауданның білім беру бөлімі келесі функцияларды жүзеге асырады:

5.2.1. қолданыстағы заңнамаға сәйкес білім беру ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5.2.2. тарификациялық тізімдерді, штат кестесін, мемлекеттік білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру) оқу жұмыс жоспарларын келіседі);

5.2.3. білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.3. Егер осы Заңда және Кәсіпорын Жарғысында өзгеше көзделмесе, кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңда және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

5.4. Басшы:

- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
- 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банктік шоттар ашады;
- 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.
- 8) жеке жауаптылықта болады:  
қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;  
таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.
- 9) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
- 10) Кәсіпорын басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың жағдайына дербес жауапты.

5.5. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

## **6-Тарау. Тәрбие және білім беру процесін ұйымдастыру**

6.1. Кәсіпорын әрбір жас деңгейіне арналған қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде білім береді.

6.2. Кәсіпорынның оқу-тәрбие беру қызметі ата-аналардың таңдауы бойынша қосымша тілдік (орыс, ағылшын және басқа да тілдер) білім беруге, сондай-ақ мүмкіндіктері бойынша хореография, бейнелеу өнері, бастапқы компьютерлік білім беруге бағытталған.

6.3. Кәсіпорын келісім-шарт негізінде ақылы түрде қызмет көрсетуге құқылы. Ақылы қызметтерді көрсету тізімі мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес анықталады.

6.4. Кәсіпорын ата-аналар мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық және медициналық-сауықтыру бағыттары бойынша кеңес беру қызметін ұйымдастырады.

6.5. Кәсіпорындағы оқу-тәрбие қызметі қолданыстағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік білім беру стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.6. Шектеу шаралары, карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезеңінде оқу-қызметі қашықтықтан (немесе штаттық) форматта ұйымдастырылуы мүмкін.

6.7. Білім беру жүйесі сапасын бағалауда аналитикалық және статистикалық бағалау көрсеткішінің кешенді көмегімен білім беру мониторингі жүзеге асырылады.

6.8. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер кестесі қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және СанЕжН сай мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне сәйкес құрылады.

6.9. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында кәсіпорын штатына кіретін медициналық қызметкерлерінің міндеттері шегінде медициналық қызмет барлық балаларға тегін көрсетіледі.

6.10. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі топ болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

6.11. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бап 1-тармағына, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

6.12. Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы бекілген ағымдағы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі;

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен келесі жылғы 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

6.13. Кәсіпорын құжаттамасы Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігімен бекітілген үлгілік нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі. Кәсіпорын есептері мемлекеттік статистика органдарының және аталған нұсқаулық талаптарына сәйкес ұсынылады.

## 7. Тәрбие және білім беру процесіне қатысушылар және олардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Кәсіпорын қызметкерлері штатын жасақтау тәртібі, жалақы төлеу шарты, олардың құқықтары мен міндеттері;

7.2. Кәсіпорынның білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидаларымен белгіленеді;

7.3. Әдіскерлердің, педагогтардың лауазымдарын жеке еңбек шартына қол қойылғаннан кейін шығарылатын басшының бұйрығы бойынша жоғары білімі бар адамдар алмастырады. Жекелеген жағдайларда мұндай лауазымдарды арнаулы орта білімі бар адамдар атқара алады;

7.4. Педагогтар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жеке еңбек шартына қол қойғаннан кейін меңгерушінің бұйрығымен қызметке қабылданып, босатылады. Балалар, ата-аналары немесе заңды өкілдері, тәрбиешілер және басқа да педагогтар Кәсіпорынның тәрбие-білім беру процесінің қатысушылары болып табылады;

7.5. Педагог лауазымдарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

7.6. Педагогтік әдеп

1) Педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

2) Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.

3) Педагогтік әдепті білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

7.7. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту

мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

7.8. Педагогтің кәсіптік қызметімен айналысуға қол жеткізуді шектеу:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

7.9. Педагогтің міндеттері:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

11) Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

7.10. Тәрбиелеу мен білім беру процесі кезінде балаға келесі кепілдік беріледі:

- 1) өмірі мен денсаулығын сақтау;
- 2) дене және моральдық, психикалық зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау;
- 3) оның абыройын қорғау;
- 4) эмоционалдық және жеке қатынастағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 5) мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартына сәйкес шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;
- 6) сапалы мектепалды даярлық;
- 7) дамыту кезінде болатын келеңсіздіктерді түзетуге көмек алу;
- 8) мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша білім алу;
- 9) бейімділігіне, қабілеттілігіне, тілегі мен денсаулық жағдайына сай келетін қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру және сауықтыру қызметтерін алу;
- 10) баланың жасы мен жеке даму ерекшелігіне сәйкес тамақтану, ұйықтау, демалу және басқа да физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру.

7.11. Ата-аналар (оларды ауыстырушы тұлғалар) құқылы:

- 1) баланың құқығы мен мүддесін қорғауға;
- 2) кеңесші дауыс құқығымен Кәсіпорын педагогтары кеңесінің жұмысына қатысуға;
- 3) балалармен жұмысты, соның ішінде ата-аналар комитеті арқылы қосымша (ақылы) білім беру және медициналық қызметтерді ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жақсартуға арналған ұсыныстар жасауға;
- 4) Кәсіпорын меңгерушісінің және педагогтардың балалармен жұмысы туралы есебін тыңдауға;
- 5) Кәсіпорыннан өз баласының тәрбиесіне, тәртібіне және дамуына қатысты ақпарат алуға.

7.12. Ата-аналар (оларды ауыстырушы тұлғалар) міндетті:

- 1) балалардың өміріне таза және қауіпсіз жағдай қалыптастыру, олардың интеллектуалдық және физикалық мүмкіндіктерінің дамуын, адам ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;
- 2) тәрбие және білім беру процесінде, сондай-ақ бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйым педагогтарымен бірігіп жұмыс істеу;
- 3) балалардың Кәсіпорын жұмысының режиміне сәйкес бөбекжайға келуін қамтамасыз ету;
- 4) Кәсіпорын Жарғысын орындау;
- 5) Кәсіпорын мен әрбір баланың ата-анасы (оларды ауыстырушы тұлғалар) арасында жасасқан келісім-шарт талаптарын орындау.

## **8-Тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

8.1. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

8.2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді. Мұндай қызметтердің құнын кәсіпорынның құрылтайшысы анықтайды.

8.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қойылуға жатады.

## **9-Тарау. Кәсіпорынның мүлкі**

9.1. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

9.2. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

9.3. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;  
2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

9.4. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

9.5. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

9.6. Жедел басқару құқығындағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік

құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

9.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

9.8. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

9.9. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

9.10. Жедел басқару құқығында Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана (немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) беруге және есептен шығаруға құқылы.

9.11. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **10-Тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

10.1. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **11-Тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

11.1. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

11.2. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан

Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

## **12-Тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

12.1. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы қаулысымен реттеледі.

## **13-Тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

13.1. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

13.2. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **14-Тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**


14.1. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

14.2. Таратылған Кәсіпорынның кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мемлекеттік мекемесімен қайта бөлінеді.

14.3. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **15-Тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

15.1. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.



БҰЙРЫҚ

06.06.2011

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 426

город Уральск

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10  
«Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын директорының міндетін уақытша атқарушы К.Утеғалиева Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген туралы әділет органдарына бір айлық мерзім ішінде хабарлама жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары А.Жунусоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

А.Мыңбаева

Копиялары дұрыс  
және міндетті түрде  
М. Абурамановқа ал



007954

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10  
«Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын директорының міндетін уақытша атқарушы К.Утеғалиева Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген туралы әділет органдарына бір айлық мерзім ішінде хабарлама жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары А.Жунусоваға жүктелсін.


Басқарма басшысы



А.Мыңбаева

Келісілді:

Басқарма басшысының орынбасары

А.Жунусова 

Келісілді:

Басқарма басшысының орынбасары

Л.Батырғалиева 

Келісілді:

Әкімшілік бөлімінің басшысы

Ж.Абдрахманова 

Келісілді:

Бюджеттік жоспарлау және бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы

Е.Иманғалиева 

2024 жылғы «6» маусым № 796

Батыс Қазақстан облысы  
білім басқармасының  
бұйрығымен бекітілген

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы  
білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №10 «Алтын бесік»  
бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар

1. 9-тарау. «Кәсіпорынның мүлкі»:

1.1.9-тараудың тармақтарына келесі редакцияда толықтырулар  
енгізілсін:

« 9.12. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 715644173,84  
(жеті жүз он бес миллион алты жүз қырық төрт мың жүз жетпіс үш теңге  
сексен төрт тиынды) құрайды»;

« 9.13. Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) кәсіпорынның  
мемлекеттік тіркелуі кезінде толық қалыптастыруы тиіс»;

«9.14. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық  
қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады».

Утверждено приказом  
Управления образования  
Западно-Казахстанской области  
№ 786 от « 6 » июня 2024 года

**Изменения и дополнения в Устав государственного коммунального казенного предприятия «Ясли-сад №10 «Алтын бесік» города Аксай» отдела образования Бурлинского района управления образования акимата Западно-Казахстанской области»**

1. Глава 9. «Имущество Предприятия»:

1.1. Внести дополнения в пункты главы 9 в следующей редакции:

«9.12. Размер уставного капитала Предприятия составляет 715644173,84 (семьсот пятнадцать миллионов шестьсот сорок четыре тысячи сто семьдесят три тенге восемьдесят четыре тын)»;

«9.13. Уставный капитал должен быть полностью сформирован собственником (учредителем) к моменту государственной регистрации Предприятия»;

«9.14. Уставный капитал Предприятия формируется из имущества, полученного от собственника в управление для осуществления уставной деятельности».

ГККП "Ясли-сад №10 "Алтын бесік" города Аксай, бурлинского района ЗКО  
наименование государственного учреждения (централизованной бухгалтерии)

Оборотная ведомость по основным средствам  
с 1 января 2024 г. по 31 мая 2024 г.

| № п/п                                    | Код карточки | Наименование | Инвентарный номер | Заводской номер | Дата поступления | Остаток на начало периода |                | Оборот дебетовый |           | Оборот кредитовый |           | Остаток на конец периода |                |
|--|--------------|--------------|-------------------|-----------------|------------------|---------------------------|----------------|------------------|-----------|-------------------|-----------|--------------------------|----------------|
|  |              |              |                   |                 |                  | кол-во                    | Стоимость      | кол-во           | Стоимость | кол-во            | Стоимость | кол-во                   | Стоимость      |
| БАЛЕКЕЕВА АЙЖАН КАЛИЕВНА                 |              |              |                   |                 |                  |                           |                |                  |           |                   |           |                          |                |
| Балансовый счет 2412 Здания и сооружения |              |              |                   |                 |                  |                           |                |                  |           |                   |           |                          |                |
| 1  | 00000000001  | Здание       | 2321000001        |                 | 01/12/18         | 1                         | 715 644 173.84 |                  |           |                   |           | 1                        | 715 644 173.84 |
| Итого по 2412 Здания и сооружения        |              |              |                   |                 |                  | 1                         | 715 644 173.84 |                  |           |                   |           | 1                        | 715 644 173.84 |
| Итого по БАЛЕКЕЕВА АЙЖАН КАЛИЕВНА        |              |              |                   |                 |                  | 1                         | 715 644 173.84 |                  |           |                   |           | 1                        | 715 644 173.84 |
| Итого                                    |              |              |                   |                 |                  | 1                         | 715 644 173.84 |                  |           |                   |           | 1                        | 715 644 173.84 |

Оборотная ведомость по форме № 326-ОС применяется для контроля за правильностью бухгалтерских записей, по счетам синтетического и аналитического учета основных средств 2310 "Земля", 2320 "Здания", 2330 "Сооружения", 2340 "Передаточные устройства", 2350 "Транспортные средства", 2360 "Машины и оборудование", 2370 "Инструменты, производственный и хозяйственный инвентарь", 2380 "Прочие основные средства".

Руководитель

*Р. Касымов*

Главный бухгалтер